

ЖШС «КАСПИЙ ӨңІРІ «БОЛАШАК» ҚОЛЛЕДЖІ»

«Келісілді»

Арнайы ПЦК отырысында қаралды

Төраға: А.Сисекенова

№ 7 хаттама « 04 » 03 2021ж



Басқынның оқу ісі жөніндегі

орынбасары Д.Ж. Бинеубаева

2021ж

Дипломдық жобаны орындауға арналған әдістемелік нұсқау

Мамандығы 1418000 – Сәулет

Біліктілігі 1418023 – Жобалаушы – техник

Оқу мерзімі: 3 жыл 10 ай

Арнайы пәндер оқытушысы: Тулешова Н.К.

Ақтау 2020 ж.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1. ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

2. ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАНЫ РӘСІМДЕУ ТАЛАПТАРЫ

3. ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАНЫ ҚОРҒАУҒА ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

4. ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАНЫ ҚОРҒАУ ТӘРТІБІ

ҚОСЫМША 1 Студенттің тапсырмаулігісі

ҚОСЫМША 2 Мұқабаның үлгісі

ҚОСЫМША 3 Титул парағынрәсімдеуүлгісі

ҚОСЫМША 4 Дипломдық жоба мазмұнын рәсімдеу үлгісі

ҚОСЫМША 5 Пікірдің үлгісі

ҚОСЫМША 6 Сын пікірдің үлгісі

ҚОСЫМША 7 Анықтама үлгісі

КІРІСПЕ

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестаттау жалпы кәсіби және арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандар тапсыруды немесе арнайы пәндердің және (немесе) модульдердің бірінде қорытынды емтихан тапсыру арқылы диплом жобасын (жұмысын) орындау мен қорғауды қамтиды.

Әдістемелік нұсқау келесі құжаттарға сәйкес дайындалған:

- РҚ «Білім Заңы» № 319-ІІІ ЗРК 27 шілде 2007жыл;
- ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы»;
- ҚР және ғылым министрлігі 18 наурыз 2008 жылы № 125 бұйрығы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»;
- ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 703 қаулысы «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы»;
- «Анти-плагиат» жүйесі негізінде дипломдық жобаларды орындауды қамтамасыз ету туралы» колледждің Ережесі.

Студент дипломдық жобаны нәтижелі қорғағаннан кейін қорытындылау аттестациялық комиссиясы (ҚАК) білім алушыға 1418023 – «техник-жобалаушы» біліктілігін беру туралы шешім қабылдайды.

Әдістемелік нұсқауларды даярлаудың мақсаты - техникалық мамандықтарда оқитын студенттерге дипломдық жобаны міндетті талаптар, ережелер мен ұсынымдарға сәйкес дайындауға көмек көрсету.

Әдістемелік нұсқаулықта дипломдық жобада қамтылған ғылыми деңгейі, жобаның орындалу сапасы, тәжірибелік ұсыныстарға қойылатын талаптар

қаралады.

Бұл ретте әдістемелік нұсқаулықтың жалпы жұмысы колледжде оқудың барлық барысында , дербес студенттік жұмыстардың сабақтастығын дамыту, дағдыларын қалыптастыру мен тәжірибесін, ойларын ашуға, зерттеу барысында алынған нәтиже бойынша нақты талдау және қорытынды жасау, ұсыныстар айтуын қамтамасыз ету.

Әдістемелік нұсқау дипломдық жобаларды дайындау және рәсімдеу бойынша күндізгі және сырттай оқу нысандарының студенттеріне және дипломдық жоба жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсетуге арналған.

1. ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ (ЖОБАНЫҢ) МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

1. Дипломдық жоба техникалық, технологиялық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша оқитын орта буын маманын дайындау кезінде, қолданбалы бакалавр немесе сипаттамаларды көздейді және технологиялар мен техникалық құрылғылардың есептеулері бойынша орындалады.

Мазмұнына байланысты дипломдық жұмыс (жоба) оқу орнының нақты мамандық бойынша курсы бітіруші студенттің қолжазба түрінде өз бетінше дайындаған(-ші) ғылыми-зерттеу жұмысын (жобалау шешімі) білдіреді.

Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы өзекті, ғылым, техника және мәдениет, қазіргі заманғы жағдай мен даму перспективаларына сәйкес болуы тиіс.

Дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбын таңдаған кезде студент мәдениеттің, білім, ғылым және өндірістің проблемалары мен тапсырмаларын назарға алуы тиіс.

Дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыбы мамандық бейіні бойынша, мамандардың дайындығына сәйкес келуі тиіс

Дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбын студент бекітілген тақырыптар бойынша таңдайды.

Студентке бекітілген тақырыптардан тыс тақырыптағы дипломдық жұмысты (жобаны) орындауға құқық беріледі. Бұл жағдайда студент арнайы пәндер әдістемелік бірлестігіне тақырыптың құрастырылуының мақсатын негіздейді немесе тақырыпты орындауға ұсынған ұйымның хатын ұсынады.

Сырттай бөлімінде оқитын студентке диплом тақырыбын таңдау өзінің өндірістік қажеттігі бойынша рұқсат етіледі.

Студентке дипломдық жұмыс (жоба) жазу үшін ғылыми жетекші тағайындалады. Еңбекті қорғау бөлімі бойынша кеңесшілер тағайындалады. Кеңесшілер студенттің дайын болған дипломдық жұмысының (жоба) сәйкес бөлімдерін тексеріп, қол қояды.

Дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі:

1) дипломдық жұмысты (жобаны) орындауға тапсырма беру; 1-Қосымша

2)дипломдық жұмысты (жобаны) орындау күнтізбелік кестесін жасап, оған дипломдық жұмыстың (жобаның) этаптарының орындалуын көрсетіп отыру;

3)негізгі әдібиеттер мен мәлімет көздерін, заңдар мен нормативтік актілер, мұрағат материалдары мен анықтамалар, нұсқаулар, ережелер, үлгілік жобалар т.б тақырып бойынша ұсыну;

4)студенттің дипломдық жұмысты (жобаны) күнтізбелік кестеге сәйкес жүргізуін бақылап отыру;

5)дипломдық жұмыс (жоба) бойынша белгіленген уақытта көлемі мен тараулары мен бөлімдері бойынша кеңестер беру.

Студентке дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбы бітіру курсының басында беріледі.

2. Дипломдық жұмыс (жоба) студенттің өз бетінше ғылыми ізденіспен нақты мамандығы бойынша орындаған 50-70 беттік компьютерлік қолжазбасы. Қосымшалар дипломдық жұмыс (жоба) көлемі құрамына кірмейді.

3. Дипломдық жұмыс (жобаның) құрылымдық элементі:

- мұқаба;
- титул беті;
- пікір;
- дипломдық жұмыс (жоба) тапсырмасы;
- мазмұны;
- кіріспе;
- сәулеттік бөлім;
- жобалау бөлімі;
- экономикалық бөлім;
- қоршаған ортаны және еңбекті қорғау бөлімі;
- қорытынды(тұжырым мен ұсыныстар);
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- қосымшалар;
- антиплагиат анықтамасы (тігілмейді);
- сын пікір (тігілмейді).

Мұқаба келесі мәліметтерді қамтиды:

- дипломдық жұмыс (жоба) орындалған ұйымның атауы;
- студенттің аты-жөні, тегі;
- дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы;
- жұмыс түрі – дипломдық жұмыс (жоба);
- мамандық шифры және атауы;
- қала, жыл.

5. Титул беті дипломдық жұмыстың (жобаның) бірінші беті болып табылады және құжаттарды өңдеуге, іздестіруге қажетті ақпарат көзі ретінде қызмет етеді.

Титул беті төмендегі мәліметтерді қамтиды:

- дипломдық жұмыс (жоба) орындалған ұйымның атауы;
- шектік гриф (қажет болған жағдайда);
- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының бекіткен қолы;
- жұмыс түрі – дипломдық жұмыс (жоба);
- дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбының атауы (тақырыбы);
- мамандықтың шифры және атауы;
- сол жақта «орындаған», қарама-қарсы оң жақта студенттің аты-жөні, тегі көрсетіледі;
- бір жолға төмен «ғылыми жетекші» және оның аты-жөні, тегі ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі және басқа да регалиялары көрсетіледі;
- қала, жыл.

Мұқабаның және титулды беттің безендіру мысалы 2 және 3-Қосымшаларында келтіріледі.

6. Дипломдық жұмыстың мазмұны қай беттен басталғанын көрсете отырып кіріспе, барлық енгізілген жаңалықтарды, тарауларды, бөлімдерді, қорытындыны, қолданылған әдебиеттер тізімін және қосымшалардың атауларын қамтиды.

Мазмұнның безендірілуі 4-Қосымшамен келтіріледі.

7. Кіріспе дипломдық жұмыстың тақырыбының өзектілігін негіздеуді, ғылыми жаңалықты және практикалық маңызын, шешілетін ғылыми проблеманың қазіргі жағдайын бағалауды қамтиды және дипломдық жұмыстың мақсатын, міндеттерін,

дипломдық зерттеу объектісі, теориялық және әдістемелік негізі, дипломдық жұмысты (жобаны) жазудағы практикалық базасы жазылуы тиіс. Кіріспе 1,5-2 бетті құрайды.

Диплом жобасының негізделген мақсаты: таңдалған тақырыптың бүкіл ғылыми-зерттеу жобасына қол жеткізу бағытында, автор бір ұсыныс шегінде мақсатын ашуы тиіс.

Оның табысқа қол жеткізуі бірнеше нақты міндеттерді анықтауды көздейді, автордың алдында тұрған ауқымды мәселе барлық зерттеу жұмыстырының барысын ескере отырып, дайындау және орындау. Бұл кезде ескеру қажет, дипломдық жоба бөлімдерінің тиісті құрылымы мен атауы бұл мазмұны, тізімі және осы міндеттерді тікелей орындауға әсер етеді.

Зерттеу пәні оның тақырыбымен алдын ала анықталуы тиіс және жиынтығы болып табылатын зерттеу объектісінің даму перспективасын сипаттайтын шаруашылық-экономикалық, техникалық факторларды зерттеуге авторлық көзқарасты бейнелейді.

Зерттеу объектісі кәсіпорындар, ұйымдар немесе мекемелер болуы тиіс. Тақырып бойынша зерттеудің әдіснамалық негіздері мен қолданылатын әдістерін ашуда да барынша қысқа баяндау талап етіледі. Мұнда автордың пайдалану негізінде таңдалған көрсеткіштер шеңберін негіздеу бойынша немесе жобаны қисынды аяқтау үшін қажетті қорытындылар, ұсыныстар мен ұсынымдар жасаған әдістердің аталғаны аса маңызды.

8. Дипломдық жұмыстың (жобаның) негізгі бөлімінде орындалған жұмыстың мәнін, мазмұнын, әдістемесін және негізгі нәтижелерін көрсететін деректер келтіріледі. Дипломдық жұмыстың (жобаның) негізгі мәтіні шығармашылық ойды, қолданылатын зерттеу әдістерінің негіздемесін ашуы тиіс. Негізгі бөлімнің көлемі 40-60 бетті құрауы тиіс.

Дипломдық жұмыстың (жобаның) негізгі бөлімі, әдетте, бөлімдер мен бөлімшелерге (тараулар мен параграфтар) бөлінеді.

Мамандық бойынша дипломдық жұмыс (жоба) төмендегі бөлімдерден тұрады:

I. Сәулеттік бөлім;

II. Жобалау бөлімі;

III. Экономикалық бөлім;

IV. Қоршаған ортаны және еңбекті қорғау бөлімі

Негізгі бөлім үш негізгі бөліктерді қамтиды:

- 1) таңдалған тақырыптың бағытын, негіздемесін қамтиды, зерттеу тақырыбының негізгі ұғымдарын қарастырады;
- 2) жобалау ортасы, осы ортаны таңдау негіздемесі, оның сипаттамалары, оған қойылатын талаптар;
- 3) жобаны зерттеу, модельдеу, жобалау және әзірлеу кезеңдері.

Әрбір бөлімнің соңында қаралатын материалдың мәнін көрсететін қорытындылар жасалуы тиіс.

9.Қорытынды бөлімі дипломдық зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша қорытындыларды, қойылған міндеттердің толық шешілуін бағалауды, зерттелген объекті бойынша нақты ұсыныстарды қамтуы тиіс.

Қорытынды 2-3 бетті құрайды.

Қорытынды мыналарды қамтуы тиіс:

- дипломдық жоба нәтижелері бойынша қысқаша қорытындылар;
- атқарылған жұмыстар туралы;
- қойылған міндеттердің толық шешілуін бағалау;
- зерттелген объект бойынша нақты ұсыныстар ;
- қарастырылған проблематиканы жетілдіру және зерттеу объектісі қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар.

Қорытынды- тұжырымдалған және негізделген ұсыныстардың қысқаша мазмұны, орындалатын жұмыстың тақырыбымен белгіленген міндеттерді шешуге бағытталған.

10.Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес рәсімделеді.

11. Қосымшалар дипломдық жұмыстың жалғасы ретінде келесі парақтарында рәсімделеді, қосымшаға дипломдық жұмысты орындауға байланысты, негізгі бөлімге қандай да бір себептер бойынша енгізілуі мүмкін емес материалдарды қосу

ұсынылады. Қосымшада көрсетілуі мүмкін:

- сандық мәліметтер келтірілген кестелер;
- көмекші ретіндегі иллюстрациялар (суреттер).

Дипломдық жобаның мәтінінде барлық қосымшаға сілтемелер берілуі тиіс. Қосымша дипломдық жұмыста (жобада) сілтемеде көрсетілген ретпен орналастырылады. Қосымшалардың диплом жобасының қалған бөлімдерімен басынан басталатын ортақ нөмірлері болуы тиіс.

12. Дипломдық жұмыстағы (жобадағы) мәліметтердің нақтылығы мен дәлдігі, қабылданған шешім үшін дипломдық жұмыс (жоба) авторы ретінде студент жауапты.

2. ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТЫ (ЖОБАНЫ) РӘСІМДЕУ ТАЛАПТАРЫ

13. Дипломдық жұмыс (жоба) А4 форматындағы ақ қағаз парағының бір жағында бір интервалдан кейін компьютер мен принтерді пайдалану арқылы баспа тәсілімен орындалуы тиіс. Қаріп - TimesNewRoman, 14 кегль. Шегініс-1см. (сол және оң жақтағы шегініс 0 пт), жоларалық интервал – 1,5 (алдыңғы және одан кейінгі интервал 0 пт), мәтінді ені бойынша жөндеу. Дипломдық жұмыстың (жобаның) мәтінін келесі жиектердің өлшемдерін сақтай отырып басу керек: сол жағы - 20 мм, жоғарғы жағы - 10 мм, оң жағы - 10 мм және төменгі жағы - 10 мм. Түрлі гарнитура қаріптерін қолдана отырып, белгілі бір терминдерге, формулаларға, теоремаларға назар аударудың компьютерлік мүмкіндіктерін пайдалануға рұқсат етіледі.

14. Дипломдық жұмысты (жобаны) орындау тәсіліне қарамастан басылған мәтіннің сапасы және иллюстрациялары, кестелері, ПЭВМ-мен басып шығаруды рәсімдеу олардың нақты орындау талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

15. Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау барысында анықталған жаңылыс, графикалық дәлсіздіктерді ақ бояумен немесе бояумен түзетуге және сол жерде түзетілген мәтінді (кестені) компьютермен жазу тәсілімен немесе қолмен жазу тәсілімен (қара сиямен немесе қара тушьпен) жазуға рұқсат етіледі.

16. Дипломдық жұмыста (жобада) мекеменің, ұйымның, фирманың аты-жөні, атауы, бұйымның атауы және басқа да жеке аттары түпнұсқа тілінде келтіріледі.

17. Дипломдық жұмыстың (жобаның) құрылымдық элементтерінің атауы "Мазмұны", "Нормативтік сілтемелер", "Анықтамалар", "Белгілер мен қысқартулар", "Кіріспе", "Қорытынды", "Пайдаланылған әдебиеттер тізімі" жұмыстың құрылымдық элементтерінің тақырыптары болып табылады.

18. Дипломдық жұмысты (жобаны) бөлімдер мен бөлімшелерге бөлу керек. Әрбір бөлім мен кіші бөлім аяқталған ақпаратты қамтуы тиіс. Бөлімдердің атаулары жиынтығында дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбын ашуға тиіс, ал бөлімшелердің атаулары жиынтығында тиісті бөлімді ашуға тиіс.

19. Бөлімдер мен бөлімшелердің атаулары олардың мазмұнын нақты және қысқаша көрсетуі тиіс.

20. Бөлімдер мен бөлімшелердің атаулары абзацтық шегіністен 1 см. бас әріппен соңында нүктесіз, астын сызбай басылуы керек. Егер атау екі сөйлемнен тұрса, оларды нүктемен бөледі.

21. Дипломдық жұмыстың (жобаның) беттері барлық мәтін бойынша толассыз нөмірлеуді сақтай отырып, араб цифрларымен нөмірленуі тиіс. Беттің нөмірі беттің төменгі бөлігінің ортасында нүктесіз қойылады.

22. Бастапқы бет беттердің жалпы нөмірленуіне енгізіледі. Бет нөмірі титул бетіне қойылмайды.

23. Диплом жұмысының (жобасының) бөлімдері нүктесіз араб цифрларымен белгіленген және абзац шегінісі 1 см жазылған барлық құжат шегінде реттік нөмірлері болуы тиіс. Кіші бөлім нөмірі нүктемен бөлінген бөлім мен кіші бөлім нөмірлерінен тұрады. Бөлімше нөмірінің соңында нүкте қойылмайды. Бөлімдер екі және одан да көп бөлімдерден тұруы мүмкін.

Мысал:

1. Сәулеттік бөлім;

1.1. Құрылыс салатын аудан сипаттамасы;

2. Жобалау бөлімі;

2.1. Бас жоспарды жобалау.

24. Дипломдық жұмыстың (жобаның) әр бөлімін жаңа парақтан (парақ) бастау керек. Бір бөлімнің ішіндегі кіші бөлімдер бір-бірімен мәтіннен екі жолға шегіну арқылы бөлінеді.

25. Дипломдық жұмыстың (жобаның) және дипломдық жұмыстың (жобаның) құрамына кіретін қосымшалардың беттерін нөмірлеу толассыз болуы тиіс.

26. Иллюстрацияларды (сызбалар, карталар, графиктер, схемалар, диаграммалар, фотосуреттер) дипломдық жұмыста (жобада) олар аталған мәтіннен кейін тікелей орналасу керек.

Иллюстрациялар компьютерлік, соның ішінде түрлі-түсті болуы мүмкін. Барлық суреттерге дипломдық жұмыста сілтемелер берілуі тиіс. Дипломдық жұмыста (жобада) орналастырылған сызбалар, графиктер, диаграммалар, схемалар, иллюстрациялар конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесінің мемлекеттік стандарттарының (ЕСКД) талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Қосымшалардың иллюстрацияларынан басқа, иллюстрацияларды араб цифрларымен тура нөмірлеу арқылы нөмірленуі керек.

Егер сурет біреу болса, онда ол "Сурет-1" деп белгіленеді, "Сурет" сөзі және оның атауы жолдың ортасында суреттің астында орналасады.

Иллюстрациялар, қажет болған жағдайда, атауы және түсіндірме мәліметтері болуы мүмкін (сурет астындағы мәтін). Иллюстрацияларды бөлімдер шеңберінде (ішінде) нөмірлеуге болады. Мұндай жағдайда иллюстрациялар нөмірі нүктемен бөлінген бөлімнің нөмірі мен иллюстрацияның реттік нөмірінен тұрады.

Мысалы: Сурет 1.1.

"Сурет" сөзі және оның атауы түсіндірме деректерден кейін орналастырылады және мынадай түрде орналасады:

Сурет 1. Ғимарат бас жоспары

Иллюстрацияға сілтеме жасау кезінде "2-суретке сәйкес" толассыз нөмірлеу кезінде жазылады, ал бөлім бойынша нөмірлеуде «1.2 суретіне сәйкес» болуы тиіс.

27. Кесте көрсеткіштерді салыстырудың жақсы көрнекілігі мен ыңғайлылығы

үшін қолданылады. Кестенің атауы оның мазмұнын көрсетуі, дәл, қысқа болуы тиіс. Кестенің атауын абзац шегінісі бар кестенің үстінен орналастыру керек келесі жолда "Кесте 1" деген сөздерден кейін. Кестені алғаш рет айтылған мәтіннен кейін тікелей орналастыру керек.

Кестені рәсімдеу үлгісі:

Кесте 2.1

Бас жоспардың техникалық-экономикалық көрсеткіштері

№	Атаулары	Бір.өлш.	Көрсеткіштер
1	Жер алаңы	Га	0,89
2	Елді мекендердің алаңы	м ²	1179,48
3	Құрылыс тығыздығы	%	13,3
4	Көгалдандыру ауданының алаңы	м ²	4918,0
5	Топырақтың ауданының алаңы	м ²	1764,0
6	Асфальттық, оның ішінде Брусчаткалы	м ²	820,0
		м ²	944,0

Барлық кестелерге дипломдық жұмыста (жобада) сілтемелер болуы тиіс. Сілтемеде оның нөмірін көрсете отырып, "кесте" жазу керек. Көп жолдар бар кестені басқа параққа (бетке) тасымалдауға болады. Кестенің бір бөлігін басқа параққа (бетке) ауыстырған кезде "кесте" сөзі және оның нөмірі кестенің бірінші бөлігінің сол жағында бір рет көрсетіледі, басқа бөліктердің үстінде "жалғасы" сөзін жазады және кестенің нөмірін көрсетеді, мысалы: "1-кестенің жалғасы". Кестені басқа параққа (бетке) ауыстырған кезде тақырып тек оның бірінші бөлігінің үстінде ғана орналастырылады. Кестенің бөлігін ауыстырған кезде кестені шектейтін төменгі көлденең сызық жүргізілмейді.

Көп бағандары бар кестені қосымшаға шығару орынды.

Егер кестенің әр жолында (бағандарында) қайталанатын мәтін бір сөзден тұратын болса, онда оны бірінші жазғаннан кейін тырнақшалармен ауыстыруға болады; егер екі және одан да көп сөзден тұратын болса, онда бірінші қайталанған кезде оны "сол сияқты" деген сөздермен, бұдан әрі - тырнақшалармен алмастырады. Қайталанатын цифрлардың, маркалардың, белгілердің, математикалық және

химиялық белгілердің орнына тырнақшаларды қоюға жол берілмейді. Егер сандық немесе басқа деректер кестенің қандай да бір жолында келтірілмесе, онда оған сызықша қойылады.

Қосымшалардың кестелерін қоспағанда, кестелерді араб цифрларымен тура нөмірлеу арқылы нөмірлеу қажет. Кесте бағандары мен жолдарының тақырыптарын бас әріппен жалғыз түрде жазу керек, ал бағандардың астын - кіші әріппен, егер тақырып бір сөйлемді құраса, немесе егер олар дербес мәнге ие болса, бас әріппен жазу керек. Кесте тақырыптары соңында нүктелер қойылмайды.

Сол, оң және төменгі кестелер, әдетте, сызықтармен шектеледі. Кестедегі қаріптің өлшемін мәтіннен кем қолдануға рұқсат етіледі. Бағандардың тақырыптары, әдетте, кестенің жолдарына параллель жазылады. Қажет болған жағдайда бағандар тақырыптарының перпендикуляр орналасуына жол беріледі. Кестенің басы кестенің қалған бөлігінен сызықпен бөлінуі тиіс.

28. "Ескерту" сөзін абзацтан бас әріппен жазылуға және астын сызуға болмайды. Егер мәтіннің, кестелердің немесе графикалық материалдың мазмұнына түсіндірме немесе анықтамалық деректер қажет болса, ескертулер дипломдық жұмыста (жобада) келтіріледі. Ескертпелерді тікелей мәтіндік, графикалық материалынан кейін немесе осы ескертпелер жататын кестеде орналастыру керек. Егер ескерту біреу болса, онда "ескерту" сөзінен кейін сызықша қойылады және ескерту бас әріппен жазылады. Бір ескерту нөмірленбейді. Бірнеше ескертуді нүктесін қоюсыз ретімен араб цифрларымен нөмірлейді. Кестеге ескерту кестенің соңында кестенің аяқталуын білдіретін сызықтың үстінен орналастырылады.

Мысалы:

Ескертпе-кестеде 2019 жылғы деректер келтірілген.

29. Формулалар мен теңдеулерді мәтіннен бөлек жолға бөлу керек. Әрбір формуланың немесе теңдеу жоғары және төмен бос жол қалдырылуы тиіс. Егер теңдеу бір жолға сыймайтын болса, онда ол теңдік белгісінен кейін (=) немесе қосу (+), алу (-), көбейту (x), бөлу (:) белгілерінен кейін немесе басқа математикалық белгілерден кейін ауыстырылуы тиіс, бұл ретте белгі келесі жолдың басында қайталанады.

Символдар мен сандық коэффициенттердің мәндерін түсіндіруді формулада берілген бірізділікпен тікелей формуланың астында келтіру керек. Диплом жұмысындағы (жобадағы) формулаларды барлық жұмыс шегінде араб цифрларымен дөңгелек жақшада шеткі оң жақта бір жолда реттік нөмірлеу арқылы нөмірлеу қажет.

Мысалы:

$$R^{tp}_0 = \frac{n(tb - tn)}{\Delta tn * \lambda b} \quad (2.2)$$

мұндағы: R_{tr} - жылу беру кедергісі, n - коэффициент, t_n - температураның стандартты айырмашылығы.

Мәтіндегі формуланың реттік нөміріне сілтеме жақшада беріледі.

Мысалы - (1) формулада.

30. Пайдаланылған дереккөздерге сілтемелерді шаршы жақшада келтіру керек.

Мысалы, [1]. Дерек көздері туралы мәліметтерді дерек көздеріне сілтеме жасау тәртібімен дипломдық жұмыс (жоба) мәтінінде орналастыру, нүктесіз араб цифрларымен нөмірлеу және абзац шегінісінен басу қажет. Пайдаланылған әдебиеттер саны 20-дан кем болмауы тиіс.

31. Қосымшалар осы дипломдық жұмыстың (жобаның) жалғасы ретінде оның келесі парақтарында рәсімделеді. Дипломдық жұмыс (жоба) мәтінінде барлық қосымшаларға сілтемелер берілуі тиіс.

Қосымшалар оларға сілтеме ретінде мәтінде орналастырылады. Әрбір қосымшаны беттің жоғарғы жағында оң жақ шетінде "Қосымша" сөзі мен оның белгісі көрсетіле отырып, жаңа парақтан бастау керек. Қолданба бас әріппен жеке жолмен мәтінге қатысты симметриялы жазылатын тақырып болуы тиіс. Қосымшаларда дипломдық жұмыстың (жобаның) қалған бөлігі бар беттердің тура нөмірленуі болуы тиіс. Қосымшалар араб цифрларымен нөмірленеді. "Қосымша" деген сөзден кейін оның дәйектілігін білдіретін цифр керек.

3. ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТЫ (ЖОБАНЫ) ҚОРҒАУҒА ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

32. Дипломдық жұмыс (жоба) оқу орны белгілеген мерзімде алдын ала қорғау рәсімінен өту үшін оқу орнына ұсынылады.

33. Дипломдық жұмысты (жобаны) алдын ала қорғау рәсімі студенттердің қатысуымен және ғылыми жетекшісінің қатысуымен пәндік циклдік комиссия (ПЦК) отырысында өткізіледі.

Алдын ала қорғау пәндік циклдік комиссия отырысының хаттамасымен рәсімделеді.

34. Алдын ала қорғаудан сәтті өткен және белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделіп аяқталған дипломдық жұмысқа (жобаға) студент, кеңесшілер қол қояды және ғылыми жетекшіге ұсынылады.

35. Дипломдық жұмысқа (жоба) жетекші жазбаша пікір жазады.

Диплом жұмысын (жобасын) мақұлдаған жағдайда ғылыми жетекші оған қол қояды және қорғауға жіберу туралы өзінің жазбаша пікірімен бірге оқу орны директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарына ұсынады. Дипломдық жұмысты (жобаны) мақұлдамаған жағдайда ғылыми жетекші оған қол қоймайды, бірақ жазбаша пікір жазады, онда дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға жіберу, жібермеу туралы өз шешімін негіздейді. Пікір нысаны 5-Қосымшада келтірілген.

36. Осы материалдар негізінде директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары осы дипломдық жұмыс (жоба) бойынша қорытынды шешім қабылдайды, ол туралы титулдық парақта тиісті жазба жасайды. Егер оқу орны директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары студентті дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға жіберу мүмкін емес деп санаса, бұл мәселе пәндік циклдік комиссия отырысында осы студент пен оның ғылыми жетекшісінің міндетті түрде қатысуымен қаралады. Отырыс хаттамасы оқу орнының басшысына бекітуге ұсынылады.

37. Қорғауға ұсынылған дипломдық жұмыс (жоба) сын пікірге жіберіледі. Рецензенттердің қорғалатын дипломдық жұмыстың (жобаның) бейініне сәйкес келетін базалық жоғары білімі және/немесе ғылыми немесе академиялық дәрежесі, ғылыми атағы болуы тиіс. Рецензент дипломдық жұмысқа (жобаға) жазбаша

рецензия береді, онда зерттелетін тақырыптың өзектілігі, жаңалығы және практикалық маңыздылығы, дипломдық зерттеу тақырыбының маман дайындау бейініне және берілетін біліктілікке сәйкестігі, жүргізілген зерттеудің дербестігі көрсетілуі тиіс. Сын пікірде баллдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша баға және біліктілікті беру көрсетілген дәлелді қорытынды беріледі. Сын пікір нысаны 6-Қосымшада келтірілген.

38. Ғылыми жетекшінің қорғауға жіберген, бірақ рецензент "қанағаттанарлықсыз" деген бағаға бағалаған дипломдық жұмысы (жобасы) жалпы шарттармен қорғалады.

39. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау студенттің қалауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде жүргізіледі.

40. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау заманауи техникалық құралдар мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы жетістіктер негізінде Мультимедиялық презентациялар түрінде электрондық ресурстарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

41. Антиплагиатқа " сараптама рәсімінен өту тәртібі»:

Плагиат деп жазбаша жұмыстың дәрменсіз орындалуы, яғни онда қағаз немесе электрондық тасымалдағышта жарияланған бөтен мәтінді пайдалану, дереккөзге сілтеме жасамай немесе сілтеме болған кезде, бірақ көлемі мен сипаты жұмысты (жобаларды) немесе оның қандай да бір тарауларының дербестігіне күмән келтіру. Плагиат екі түрде жүзеге асырылуы мүмкін:

- негізгі мәтінді сөзбе-сөз баяндау;
- мәтіннің мазмұнын өзгертпей сөздер мен сөйлемдерді ауыстыра отырып, бөтен мәтінді баяндау.

"Антиплагиатқа" сараптама процедурасынан өту үшін студент дипломдық зерттеуді өз бетімен оқып ғылыми жетекшіге талдап кейін ескертулерді жою үшін тапсырады. Ғылыми жетекші дипломдық жобаның жазылуына басшылық жасайды, ғылыми қолдау көрсетеді және студентпен бірге дипломдық жұмыстың мазмұнына жауап береді, онда МЖБС-ның техникалық рәсімдеу, жұмысты сауатты рәсімдеу, пайдаланылған авторлар көздеріне сілтеме жасау және пайдаланылған

әдебиеттер тізіміне сәйкес жұмыс мәтінінде оларды көрсету бойынша барлық талаптар орындалуы тиіс.

Студент дипломдық жұмысты қорытынды аттестаттау басталғанға дейін 20 күннен кешіктірмей директордың оқу-практикалық жұмыс жөніндегі орынбасарына бақылау нормасын сараптауға ұсынады. Ескертулер анықталған жағдайда студент ғылыми жетекшінің келісімі бойынша жоюға және жұмыстың (жобаның) түзетілген нұсқасын бақылау нормаларын тексеруге тапсыруға міндетті.

Нормабақылау сарапшысынан оң қорытынды алғаннан кейін студент диплом жұмысын колледждің оқу бөліміне тапсыруға міндетті.

Плагиат кемінде **65%** түпнұсқа мәтіннен тұратын дипломдық жобадан /жұмыстардан өтеді, пайыздың аз көрсеткішін алған жағдайда студент анықтаманы алған сәттен бастап 3 күндік мерзімде қателерді түзетуге және тексеруге, қайта тапсыруға міндетті. Анықтама нысаны 7- Қосымшада келтірілген.

4. ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТЫ (ЖОБАНЫ) ҚОРҒАУ ТӘРТІБІ

42. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау тәртібі орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларымен айқындалады.

43. Дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау қорытынды аттестаттауды өткізу жөніндегі комиссияның кемінде 2/3 мүшелерінің қатысуымен ашық отырысында жүзеге асырылады.

44. Бір дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау ұзақтығы бір білім алушыға 30 (отыз) минуттан аспауы тиіс. Дипломдық жобаны қорғау үшін білім алушы ұзақтығы 15 (он бес) минуттан аспайтын баяндама жасайды. Дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау нәтижелері өткізілген күні жарияланады.

45. Дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау кезінде "қанағаттанарлықсыз" баға алған білім алушыға қорытынды аттестаттау комиссиясы қорытынды аттестаттауды қайта тапсыруға жіберу туралы шешім шығарады және оның мерзімін анықтайды.

46. Қорытынды аттестаттау комиссиясы білім алушыға сол жұмысты толықтырып қайта қорғауға немесе жаңа тақырыпты әзірлеуді белгілейді.

47. Дипломдық жобаны (жұмысты) қайта қорғау немесе қорытынды емтихандарды тапсыру кезінде "Қанағаттанарлықсыз" баға алған білім алушыға мамандық (кәсіп) бойынша оқудың толық курсын бітіргені туралы белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.

48. Тиісті құжаттармен расталған дәлелді себептермен дипломдық жобаны (жұмысты) қорғауға келмеген білім алушылар білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен белгіленген мерзімде қорытынды аттестаттаудан өтуге жіберіледі.

49. Қорытынды аттестаттау комиссиясының отырысы тиісті хаттамамен рәсімделеді, оған комиссия төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІК
«КАСПИЙ ӨңІРІ «БОЛАШАК» КОЛЛЕДЖІ»

«Келісілген»
Техникалық пәндер циклдік
комиссиясының төрағасы
_____ Сатқанбай Р.Н.
« ____ » _____ 2020ж.

«БЕКІТЕМІН»
Директордың оқу ісі бойынша
орынбасары
_____ Д.Ж.Бинеубаева
« ____ » _____ 2020ж.

ТАПСЫРМА
Дипломдық жұмысты (жобаны) орындау үшін

Студент _____
Т. А. Ә.

Мамандығы _____
Топ _____

оқу түрі

1. Дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбы _____

директордың « ____ » ____ 2020ж. № _____ бұйрығымен бекітілген

2. Студенттің біткен жұмысты тапсыру мерзімі « ____ » ____ 2020ж.

3. Жұмысқа берілген мәндер (заңдар, ҚНЖЕ, МСТ, әдебиет көздері, зертханалық-
өндірістік мәндер)

4. Дипломдық жұмысқа (жобаға) қатысты сұрақтар тізімі

5. Дипломдық жұмысқа (жобаға) қатысты графикалық материалдар тізімі (сызбалар,
кестелер, диаграммалар және т.б.)

6. Негізгі ұсынылатын әдебиеттер тізімі

7. Жұмыс бойынша кеңестер (жұмыс тарауы мен бөлімдеріне қатысты)

Номер, атауы бөлім, тараулар	Ғылыми жетекші, кеңесші	Тапсырманы алған уақыты	Тапсырманы бердім (қолы)	Тапсырманы алдым (қолы)
1. Сәулеттік- бөлім				
2. Жобалау бөлімі				
3. Экономикалық бөлім				
4. Қоршаған ортаны және еңбекті қорғау бөлімі				

8. Дипломдық жұмысты (жобаны) орындау кестесі

№	Жұмыс этаптары	Жұмыс этаптарын орындау уақыты	Ескертулер
1	Дипломдық жұмысты (жобаны) бекіту		
2	Дипломдық жұмысты (жобаны) орындауға материалдар жинау		
3	Дипломдық жұмыстың (жобаның) теориялық бөлімін дайындау		
4	Дипломдық жұмыстың (жобаның) аналитикалық бөлімін дайындау тарау		
5	Дипломдық жұмыстың (жобаның) бүкіл мәтінінің нұсқасын дайындау		
6	Дипломдық жұмысты (жобаны) алдын ала қорғауға тапсыру		
7	Дипломдық жұмысты (жобаны) рецензияға апару		
8	Дипломдық жұмыстың (жобаның) дайын нұсқасын пікір және сын пікірмен бірге тапсыру		
9	Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау		

Тапсырманы берген уақыты «_____» _____ 2020 ж.

Ғылыми жетекші _____

Тапсырма алдым: студент _____

ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІК
«КАСПИЙ ӨңІРІ «БОЛАШАК» КОЛЛЕДЖІ»

/ студент Т.А.Ә /

/дипломдық жұмыс /жоба/ тақырыбы

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Мамандығы: _____

Ақтау, 2020ж.

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІК
«КАСПИЙ ӨҢІРІ «БОЛАШАК» КОЛЛЕДЖІ»

Қорғауға жіберілді
ДОЖО

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

тақырып: «_____»

мамандығы: _____

Орындаған: _____

Ғылыми жетекші _____

Ақтау, 2020ж.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	6
1 Тарау атауы	10
1.1 *****	10
1.2 *****	19
1.3 *****	20
2 Тарау атауы	30
2.1 *****	30
2.2 *****	40
2.2.1 *****	45
2.2.2 *****	50
3 Тарау атауы	55
3.1 *****	55
3.2 *****	60
Қорытынды.....	65
Пайдаланылған әдібиеттер тізімі.....	68
Қосымшалар.....	70

Пікір

Тақырыбы « _____ »
_____» дипломдық жұмысына (жобасына)
«Болашақ» колледжі « _____ »
_____» мамандығы
бітіруші топ студенті _____
Дипломдық жобаның оң жақтары

Дипломдық жұмыстың (жобаның) теріс жақтары

Дипломдық жұмысты (жобаны) орындау барысындағы өз бетінше жасаған
еңбегі, әдебиеттерді дұрыс, тиімді пайдалана білуі

Дипломдық жұмыс (жоба), дипломдық жұмысқа (жобаға) қойылатын
талаптарға сай, мемлекеттік аттестациялау комиссиясы отырысына қорғауға
жіберіледі (жіберілмейді). ал автор «техник-құрылысшы» біліктілігіне лайық.

Ғылыми жетекші қолы _____
« _____ » _____ 2020 ж.

Сын пікір

Студент _____ (Т.А.
Ә)

Мамандығы _____

Тақырыбы: _____

Дипломдық жобаның қысқаша мазмұны

Дипломдық жобаның оң жақтары

Қарама-қайшылық жағдайлар, сыни кемшіліктер мен ескертулер

Дипломдық жұмыстың (жобаның) маманды дайындау және берілетін біліктілігіне сәйкестігі

Бағалау _____

Сын пікір қорытындысында дипломдық жұмысқа (жобаға) 5 баллдық жүйеде баға және авторына мамандық бойынша академиялық дәреже беріледі.

Мысалы Ахметова А.А дипломдық жұмысы (жобасы) «өте жақсы» бағасына, ал автор «техник-құрылысшы» біліктілігіне лайық.

Рецензент

(рецензенттің қызметі мен жұмыс орны) (Т.А.Ә.)

«_____» _____ 2020 ж. _____ МО
ҚОЛЫ

«Антиплагиат» жүйесінде тексттік құжаттарды тексеру барысында анықталған
сәйкестіктер нәтижесі жайында

АНЫҚТАМА

Ережеге сай дипломдық жобаны өз бетінше орныдағандығын анықтау
мақсатында ЖШС «Каспий өңірі «Болашақ» колледжінде «Антиплагиат» жүйесінде
бақылау жүргізілді Дипломдық жоба

(жұмыс (жоба) тақырыбы)

Т.А.Ә. _____

Талдауға сәйкес мәтіннің оригинальдығы _____% құрайды.

Тексерген _____

ФАӘ

қолы

«_____» _____ 2020ж.